

БӨЛІМ: БАЛАБАҚША

Көңілді аспаптар

ЖАРИЯЛАНДЫ
25.06.2019СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/58763/>

АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

Ахметова Нүрсәуле Ақтанқызы

Мақсаты: Кеңістік қатынастармен танысу. Жоғары- төмен , алыс-жақын, ортасында сөздерінің мағынасын түсінуге үйрету, және педагог соңынан қайталап айту. Олардың түстерін , пішінін ажыратуға үйрету.

Көрнекілік : Интерактивті тақта , дауылпаз, сылдырмақ, қоңырау суреттері .

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері	Педагогтің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық -қозғаушылық	<p>Шаттық шеңбері: Бақыт толы шеңберге Шаттық толы шеңберге Қол ұстасып келдік біз Жан достармыз біз енді . Балалар қонақтармен үш тілде амандасамыз. Балалар қазір жылдың қай мезгілі? Балабақшаға қай мезгілде келеміз? Балабақшада қай кезде ұйықтайсыңдар ? Қай кезде үйге қайтасыңдар? Жарайсыңдар балалар орнымызға отырайық.</p>	<p>Балалар тәрбиешімен бірге шаттық шеңберін қосылып айтады . Үш тілде амандасады .Здравствуйте! Сәлеметсіздерме! Гудмонин!</p> <p>Қазір жылдың қыс мезгілі. Балабақшаға таңертең келеміз. Балабақшада түсте ұйықтаймыз.</p> <p>Балабақшадан кешке үйге қайтамыз.</p>

<p>Ұйымдастырушылық-ізденістік</p>	<p>Ғажайып сәт: Сәлететсіздерме! Балалар менің атым саяхатшы Дара . Мен сіздерге қонаққа келіп тұрмын. Балалар мен сіздерге музыкалық аспаптар ала келдім. Балалар олай болса қазір музыкалық аспаптармен танысамыз.</p> <p>Слайд суреттер көрсету. Дауылпаз –ол үлкен дөңгелек болып келеді. Дауылпаздың екі таяғы болады.Дауылпазды соққанда дұң –дұң дыбыс шығады. Ал мынау Қоңырау.Қоңырау үшбұрыш тәріздес.Ішінде ілгектеріне қоңырау ілінген.Олар сыңғырлайды. Ал мынау сылдырмақ Сылдырмақтың жоғарғы жағы дөңгелек , төменгі жағы сопақша. Балалар мына суретке қарайық . Дауылпаз шкафтың жоғарғы жағында орналасқан . Ал төменгі жағында қоңырау орналасқан. Ортасында сылдырмақ тұр екен. Алыста дауылпаз көрініп тұр . Ал жақыннан қоңырау көрініп тұр . Бәріміз бірге Жоғары – төмен ,ортасында. Алыс-жақын сөздерін айтамыз. Сергіту сәті:Аяқпеннен топ-топ. Қимылды ойын: «Түстерді ажырат» Мақсаты:Түрлі түсті қағаздың бетіне заттарды түсіне қарай орналастыру. Саяхатшы Дарамен қоштасу.Үш тілде .</p>	<p>Балалар саяхатшы Дарамен амандасады . Дара айтқандарын мұқият тыңдайды.</p> <p>Тәрбиешімен бірге қайталап айтады . Дауылпаз , қоңырау сылдырмақ.</p> <p>Дыбыстарын айтады . Дұң дұң дауылпаз . Сыңғыр сыңғыр қоңырау. Шылдыр шылдыр сылдырмақ.</p> <p>Тәрбиешімен бірге айтады .</p> <p>Жоғары – төмен .</p> <p>Алыс- жақын .</p> <p>Ортасында .</p> <p>Таңертең . Түсте . Кешке</p> <p>Сергіту қимылдарын жасайды .</p> <p>Қимылды ойынды ойнайды түстерді тауып заттарды орнына қояды. Саяхатша Дарамен үш тілде қоштасады. Сау болыңыз . Досвидания. Гудбай.</p>
<p>Рефлексиялық –түзетушілік.</p>	<p>Қортынды: Балалар бізге қонаққа кім келді ? Қандай музыкалық аспаптармен таныстық? Мына суретте дауылпаз қайда орналасқан ? Мадақтау .</p>	<p>Балалардың жауаптары : Саяхатшы Дара келді. Дауылпаз . Сылдырмақ. Қоңырау. Дауылпаз жоғарыда орналасқан.</p>

Күтілетін нәтижелер:

Біледі: Музыкалық аспаптарды біледі.

Игереді: Жоғары – төмен , алыс –жақын, ортасында .

Меңгереді: Ойын арқылы түстерді ажыратуды.

ҚМ АА Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.